



**"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 19 ақпандағы № 38 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына және "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіппен әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*Ғ. Нұрмұхамбетов*

Солтүстік Қазақстан  
облысы әкімдігінің

2025 жылғы "19" ақпандағы

№ 38 қаулысымен

бекітілді

**"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

Петропавл қаласы, 2025 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі айқындайтын мәдениет, тіл саясаты және архивтер саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретіндегі мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі.

8. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 150010, Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Павел Васильев көшесі, 69.

9. Осы Ереже "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

10. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына жүзеге асырылады.

11. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мақсаттары мен өкілеттіктері**

12. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мақсаттары:

1) облыс аумағында мәдениет, тілдерді дамыту, архив ісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін қайта жаңғыртуға, сақтауға, дамытуға және таратуға, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында архив ісін мемлекеттік басқаруға бағытталған шаралар қабылдау;

3) ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарына баулу арқылы азаматтарды отаншылдыққа және эстетикалық тәрбиелеуге жағдайлар жасау;

4) мәдени құндылықтарға еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету;

5) халыққа мәдени қызмет етудің мемлекеттік ең төменгі стандарттарын белгілеу;

6) мемлекеттік мәдениет, архив ісі ұйымдарының инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету және материалдық-техникалық базасын нығайту;

7) дарынды тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету;

8) мәдениет саласында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, топтық-тектік және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездікке және зорлық-зомбылыққа табынуды насихаттауға немесе үгіттеуге жол бермеу жөнінде шаралар қолдану;

9) мәдени құндылықтардың заңсыз әкетілуіне және әкелуіне, оған меншік иесі құқығының басқаға заңсыз берілуіне тосқауыл қою, оларды кез келген заңсыз иеленуден қайтарып алуға шаралар қолдану;

10) мәдениет, архив ісі және тілдерді дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастық үшін жағдайлар жасау;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестіктерге қатысу еркіндігін, мәдениет ұйымдарын құруды, шетелдердегі отандастармен мәдени байланыстарды кеңейтуге қатысуды қоса алғанда, ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелігін қорғау және дамыту құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету;

12) мәдениет саласында ғылыми және білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды қолдау;

13) іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ Қазақстан халқының ұлттық мәдени игілігі мен мәдени мұрасын қорғау және дамытуға, Қазақстан Республикасының бірыңғай мәдени кеңістігін нығайтуға бағытталған іс-шараларды қолдау.

14) облыстық басқармалар мен ведомстволардың, қалалық және аудандық әкімдіктердің, меншік нысанына қарамастан ұйымдар мен кәсіпорындардың "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, оны іске асыру жөніндегі облыстық іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру.

13. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері:

1) құқықтар:

Солтүстік Қазақстан облысы аумағында дамытудың негізгі бағыттары, мәдениет, тіл саясаты және архивтер саласындағы мәселелерді шешу бойынша облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына ұсыныстар енгізеді;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен келісім бойынша белгіленген тәртіппен ақпаратты сұратады және алады;

Заңнамада белгіленген тәртіппен "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, оның ішінде соттарда құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырады;

Өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасасады.

2) міндеттері:

мәдениет, тілдерді дамыту, архив ісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

Мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы, оның ішінде "Ашық деректер", "Ашық бюджет", "Ашық НҚА", "Ашық диалог" порталдарын толықтыру және сүйемелдеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындайды;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтайды.

14. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) облыс аумағында мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік-құқықтық актілерді, бағдарламалар жобаларын және басқа да құжаттарды әзірлейді

3) облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарының театр, музыка және кино өнерін, мәдени-демалыс қызметі мен халық шығармашылығын, кітапхана және музей ісін дамыту бойынша қызметін қолдайды және үйлестіреді, облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі саласындағы мекемелерінің қызметін қамтамасыз етеді;

4) шығармашылық қызметтің түрлі салаларында облыстық (өңірлік) байқаулар, фестивальдар және конкурстар өткізуді ұйымдастырады;

5) уәкілетті органмен келісе отырып, шығармашылық қызметтің түрлі салаларында республикалық конкурстар мен фестивальдар өткізуді ұйымдастыруға құқылы;

6) облыстың мәдени құндылықтарын есепке алу, қорғау, консервациялау және реставрациялау, сондай-ақ пайдалану, елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жұмысын ұйымдастырады;

7) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясын құрады және ол туралы ережені бекітеді;

8) тиісті аумақта орналасқан мәдениет ұйымдарының қызметіне мониторингті жүзеге асырады және уәкілетті органға ақпарат, сондай-ақ белгіленген нысанда статистикалық есептер береді;

9) облыстық деңгейде сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

10) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

11) өз құзыреті шегінде коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

12) облыстың мәдени мақсаттағы объектілерінің құрылысы, реконструкциясы және жөнделуі бойынша тапсырысшы болады;

13) тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлер мен салттардың дамуына ықпал жасайды:

тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды, пайдалануды және жай-күйіне мониторинг жүргізуді, тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмысын жүргізуді қамтамасыз етеді;

тиісті аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, қорғауды және оларда ғылыми-реставрациялау жұмысын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды қарастырады;

тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын және (немесе) археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялауды келіседі;

уәкілетті органмен келісе отырып, қала құрылысы жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шараларды орындауды, тарихи-сәулет тірек жоспарлары мен карта-схемаларды жасауды қамтамасыз етеді;

тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін ресімдейді және оларды меншік иелері мен пайдаланушылардың орындауын бақылайды;

тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия құру туралы ұсыныстар енгізеді;

монументалды өнер ғимараттарын және мемориалдық тақталарды орнату жұмысын жүргізеді;

жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жоспарланған ғылыми-реставрациялау жұмыстарының ғылыми-жобалау құжаттамасын қарайды және келіседі;

уәкілетті органмен келісе отырып, тарихи-мәдени мұра объектілерін жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері деп таниды және оларды тарихи-мәдени сараптама қорытындысы негізінде жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізеді;

уәкілетті органның келісімі бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айырады және тарихи-мәдени сараптама қорытындысы негізінде оны жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарады;

- тиісті аумақтарда жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- мемлекеттік меншік болып табылатын жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселені шешеді;
- тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы өтініш жасайды;
- 14) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік береді; 15) облыстың мемлекеттік кітапханаларының біріне "Орталық" мәртебесін береді;
- 16) дарынды жастарды және перспективалы шығармашылық ұжымдарды іздестіруге және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады; 17) мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізуді жүзеге асырады;
- 18) ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимін сақтауды қамтамасыз етеді;
- 19) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарының мемлекеттік есебін жүргізу және сақталуын қамтамасыз ету;
- 20) облыстың мемлекеттік архивтері сақтауға қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды, жинақтауды және пайдалануды ұйымдастыру;
- 21) коммуналдық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғауды, оларды сақтауды және пайдалануды жүзеге асырады;
- 22) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;
- 23) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша деректер қорын қалыптастырады;
- 24) облыс аумағында архив ісі және құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелеріне ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;
- 25) облыс аумағында Ұлттық архив қоры және архивтер туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау;
- 26) сараптау-тексеру комиссиясы туралы ережені бекітеді;
- 27) жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын орындауды ұйымдастырады;
- 28) Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қанағаттандыру үшін пайдаланады;
- 29) облыстың тарихы жөніндегі архив құжаттарын жинауды және қайтаруды жүзеге асырады;
- 30) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

31) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады;

32) Солтүстік Қазақстан облысының аумағында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының сақталуына мемлекеттік бақылаудың жартыжылдық жоспарын әзірлейді, бекітуге ұсынады;

33) тіл заңнамасын бұзу фактілері бойынша түрлі жедел әрекет ету шараларын жүзеге асырады;

34) облыстық ономастикалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді, ономастикалық жұмысты үйлестіреді, ономастикалық объектілердің атауларын реттеу мәселелері бойынша материалдар дайындауды жүзеге асырады;

35) заңды және жеке тұлғалардың көрнекі ақпаратты, ресми деректемелері мен жарнамаларының мемлекеттік тілдегі мәтіндерін келіседі;

36) мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асырады;

37) ұлттық-мәдени орталықтары жанындағы жексенбілік мектептер қызметін зерделейді және ана тілдеріне оқытатын жаңғыру мектептерін құруға ықпал етеді;

38) оқу-әдістемелік құралдарды, мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі оқулықтарды өңдеуді, шығаруды және таратуды қамтамасыз етеді және оны инновациялық технологиялар негізінде енгізеді;

39) тілдік ортаны құру бойынша іс-шаралар ұйымдастырады;

40) тілдерді дамытудың өзекті проблемалары бойынша іс-шаралар өткізеді;

41) мемлекеттік тілге оқытуды зерделеу бойынша мемлекеттік органдарда жаңа әдістер мен компьютерлік бағдарламаларды таратады;

42) ана тілдерін дамыту мәселелері бойынша ұлттық-мәдени бірлестіктердің қызметін үйлестіреді;

43) этносаралық қатынастардың үйлесімділігін қамтамасыз етуде этномәдени бірлестіктердің күшін ынталастырады;

44) ана тілдерін зерделеуде этнос өкілдеріне қолдау көрсетеді;

45) ұлты қазақ азаматтарының тегі, есімі және әкесінің атының қазақ тілінің әдеби нормасына сай жазылуы және олардың орыс тілінде берілуі жөнінде тұжырымдама береді;

46) жеке және заңды тұлғаларға деректемелер мен көрнекті ақпараттарды мемлекеттік және орыс тілінде ресімдеуде әдістемелік көмек көрсету жөніндегі рейдтік және басқа да іс-шаралар өткізеді;

47) облыстың ұйымдарында, мекемелерінде, кәсіпорындарында мемлекеттік тілдегі кіріс және шығыс құжат айналымының мониторингін жүргізеді;



48) өңірде тілдік ахуалды әлеуметтік зерттеу мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

49) тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органға жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдаманың орындалу барысы туралы талдамалық жиынтық ақпаратты енгізу жұмысын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдаманың нысаналы индикаторларына қол жеткізу бойынша жұмыс жүргізеді;

50) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларын орындайды: ведомстволық бағынысты ұйымдардың қаржылық қызметін ұйымдастыруды, мәдениет, өнер және архив ісі мекемелерінің желісін дамытудың перспективалы және жылдық жоспарларын келісуді жүзеге асырады, белгіленген тәртіпте облыстық бюджетте тұрған кәсіпорындар мен мекемелердің штат кестелерін, сметаларын бекітеді, оларды қаржыландыруды жүзеге асырады, саланың жиынтық бухгалтерлік есептері мен теңгерімдерін тиісті органдарға уақытында ұсынуды қамтамасыз ете отыра, оларды құрастырады, бюджеттік ассигнованияларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді және өз құзыреті шегінде материалдық-техникалық базаны жақсартуға, ведомстволық бағынысты объектілерді күрделі жөндеуге байланысты мәселелерді шешеді;

51) ведомстволық бағынысты ұйымдардың директорларын конкурстық іріктеуді, тағайындауды және аттестаттауды жүзеге асырады;

52) бюджет қаражаты көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді қаржыландыруға мемлекеттік шығармашылық тапсырысты бекітеді;

53) мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың көрсетілетін қызметтерін берушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз етеді;

54) электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және нысаналы игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді ;

55) азаматтарды тілдік қағидат бойынша кемсітуге жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

56) "Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың немесе архивтік үзінділердің көшірмелерін беру", "Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру", "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру", "Көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беруге өтінімдер қабылдау" мемлекеттік қызметтерінің көрсетілуіне ішкі бақылауды жүзеге асырады;

57) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингін және бақылау іс-шараларын жүргізуді жүзеге асырады;

58) "Мемлекеттік қызмет көрсету" бағыты бойынша мемлекеттік орган қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізеді;

59) "Мәдениет туралы", "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы", "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының орындалуын бақылау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

60) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың қызметтік құжаттары мен өтініштерін есепке алуды және қарауды қамтамасыз етеді;

61) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін комиссиялар мен жұмыс топтарының қызметін қамтамасыз етеді.

### **3. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

15. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшылықты "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

16. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

17. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

18. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

басшы орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелер басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұйрықтарына қол қояды, сондай-ақ "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда ұсынады;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауы үшін дербес жауапты болады.

Басшы жұмысты ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді, жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

19. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындайды.

#### **4. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

20. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

21. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше көзделмесе, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

##### **5. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

23. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Сәбит Мұқанов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ғабит Мүсірепов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының облыстық қуыршақ театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

7. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Николай Погодин атындағы облыстық орыс драма театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

8. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Сәбит Мұқанов атындағы мемлекеттік қазақ сазды-драма театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

9. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ақан сері атындағы облыстық филармониясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

10. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан облыстық музей бірлестігі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

11. "Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Абылай хан резиденциясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

12. "Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Шоқан Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық музейі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

13. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының облыстық халық шығармашылығы және мәдени-бос уақыт қызметінің орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

14. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қарасай-Ағынтай мемориалдық кешені" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.